



**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК**

**2023 жылғы мамыр айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



АСТАНА 2023

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес мамыр айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Мамыр айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	7
2023 жылдың мамыр айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	8
Мамыр айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	8
2023 жылдың мамыр айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	9
Мамыр айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	9
2023 жылы Қазақстан аймақтары бойынша мамыр айында күтілетін орташа ауа температурасы	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі	11
2023 жылдың мамыр айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	13
Батыс Қазақстан облысы	13
Атырау облысы	14
Маңғыстау облысы	15
Ақтөбе облысы	16
Қостанай облысы	17
Солтүстік Қазақстан облысы.....	18
Ақмола облысы	19
Павлодар облысы	20
Ұлытау облысы	21
Қарағанды облысы	22
Абай облысы	23
Шығыс Қазақстан облысы	24
Қызылорда облысы	25
Түркістан облысы	26
Жамбыл облысы	27
Алматы облысы	28
Жетісу облысы	29

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:

М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:

Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ 2 санатты инженер-синоптигі:

Каирова С, тел. (7172) 79-83-95.

Аударған АРҰМББ технигі:

Г. Масалимова тел. (7172) 79-83-95

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес мамыр айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Мамыр айында көктем аяқталып, жазғы кезең басталады. Бұл айға құбылмалы ауа райы, жылудың әркелкі таралуы, жылы ауа райынан кейін қайта оралатын суық тән.

Сәуірден мамыр айына қарай ауаның орташа айлық температурасы көтеріле береді, бірақ сәуір айымен салыстырғанда баяу жоғарылайды.

Республиканың солтүстік облыстарында ауаның орташа айлық температурасы 10-11°C жоғарылайды және оңтүстік облыстарда +10+14°C құрайды, ал оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарында 4-7°C-қа жоғарылайды және +16+21°C құрайды.

Өте суық жылдары ауаның орташа айлық температурасы солтүстікте +7+9°C, оңтүстікте +15+17°C дейін төмендейді, ал өте жылы жылдары Қазақстанның солтүстік жартысында +16+20°C, оңтүстік жартысында +22+24°C дейін жоғарылайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы республиканың солтүстігінде мамырдың бірінші онкүндігінде тұрақты кезеңге +10°C-тан өтуі болады. Ауаның орташа тәуліктік температурасы Қазақстанның оңтүстік облыстарында мамырдың соңында + 20°C-тан өтуі болады. Кейбір жылдары бұл кезең 2-3 аптаға ертерек немесе орташа уақытынан осынша кешірек болуы мүмкін.

Қазақстанның оңтүстік және батыс аудандарында үсік әдетте мамырдың бірінші жартысында, ал солтүстік аудандарда айдың соңында аяқталады. Батыста және оңтүстік-шығыста кейбір жылдары айдың соңына дейін жалғасуы мүмкін. Орталық, Шығыс және Солтүстік Қазақстанда маусым айында да үсік байқалады.

Ауаның абсолюттік жоғары температурасы солтүстік облыстарда +35+39°C, оңтүстік облыстарда +40+45°C.

Ауаның абсолюттік минималды температурасы барлық жерде теріс мәндерге дейін төмендеуі мүмкін: республиканың солтүстігі мен шығысында -10-15°C, Ақмола облысында -20°C, оңтүстік-шығысында -3-14°C, оңтүстігінде -4-10°C дейін.

Жауын-шашынның мөлшері сәуірден мамырға қарай Қазақстанның солтүстік бөлігінде және оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында көбейіп, бір айда солтүстік облыстарда 21-52 мм, оңтүстіктің, оңтүстік-шығыс және шығыстың таулы аудандарында 100-200 мм құрайды. Оңтүстік-батыста және оңтүстіктің шөлді аудандарында жауын-шашынның мөлшері біршама азайып, 6-16 мм жетеді.

Кей жылдары жауын-шашынның мөлшері күрт ауытқып, қалыптағыдан 2-3 нормаға дейін, ал шөлді аудандарда 4-5 нормаға дейін жауады.

Жауын-шашын көбінесе жаңбыр түрінде болады. Жаңбыр нөсерге ұласып, тәулік ішінде Қазақстанның солтүстігінде 25-30 мм, кей жерлерде 67-75 мм, тау бөктерлерінде 46-62, тауларда 95 мм және одан көп болады.

Кейбір жылдары Республиканың солтүстік жартысында, сол сияқты оңтүстік шығыстағы таулы және тау бөктерлеріндегі аудандарда жауын-шашын қар түрінде болуы мүмкін.

Республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыстағы таулы аудандарында күннің күркіреуі жиілейді. Бұл жерлерде күннің күркіреуі 4-6, ең көп 12-15, республиканың солтүстігінде орташа есеппен 1-4, ал ең көп 14 рет күркіреді.

Мамыр айында бұршақ көптеген аймақтарда 10 жылда 2-5 рет, шөлейт аймақтарда 10 жылда 1-2 рет, ұсақшоқылы аудандарда 10 жылда 4-8 рет, Іле Алатауының тауларында айына 1-3 рет болады.

Республиканың көптеген жазықты аймақтарында қатты дауыл 24-34, кей жерлерде 40 м/с жылдамдықпен, 15 жылда 1-3 рет болады.

Шаңды дауылдар ең көп саны Батыс Қазақстан облысында және Атырау облысының солтүстігінде 3-9 тәулікке, Сырдария аңғарында, Қазақтың ұсақшоқылы жерінің батыс бөлігінде және Ертіс даласында – 4-7 тәулікке, қалған аймақтарда 1-3 тәулікке дейін байқалады.

Мамыр айында тұманның байқалуы көбінесе тау бөктерлерде айына – 1-2, тауларда – 4-10 тәулік, қалған аймақтарда 10 жылда 2-ден 7 тәулікке дейін болады.


Мамыр айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020жж.)

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	+15,6...+18,4	18...35
Атырау облысы	+17,7...+19,5	18...33
Маңғыстау облысы	+18,2...+21,2	10...30
Ақтөбе облысы	+13,7...+18,7	18...37
Қостанай облысы	+13,3...+17,3	16...41
Солтүстік Қазақстан облысы	+12,9...+13,7	25...39
Ақмола облысы	+12,3...+14,7	23...39
Павлодар облысы	+13,4...+14,8	20...30
Ұлытау облысы	+14,5...+18,4	9...27
Қарағанды облысы	+12,2...+17,4	9...37
Абай облысы	+12,2...+16,9	15...36
Шығыс Қазақстан облысы	+6,7...+16,1	21...75
Қызылорда облысы	+19,7...+21,6	10...23
Түркістан облысы	+10,7...+22,2	13...103
Жамбыл облысы	+14,7...+19,8	14...63
Алматы облысы	+2,8...+18,6	12...139
Жетісу облысы	+12,0...+18,9	8...95


2023 жылғы мамыр айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Мамыр айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында* болады, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарында, Ұлытау облысының оңтүстік-батысында *нормадан 1-2° жоғары* күтіледі.

2023 жылдың мамыр айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Мамыр айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)




2023 жылдың мамыр айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Мамыр айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *нормадан аз*, ал Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Абай, Шығыс Қазақстан облыстарында, Қостанай облысының солтүстігінде, Алматы және Жетісу облыстарының басым бөлігінде, Түркістан облысының оңтүстік-шығысында және Жамбыл облысының оңтүстігінде *норма шамасында* болады.

2023 жылдың мамыр айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Мамыр айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма:1991-2020 жж.)



2023 жылғы мамыр айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы


Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның басым бөлігінде $+16+23^{\circ}\text{C}$, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстарында, Қарағанды, Абай, Шығыс Қазақстан облыстарының басым бөлігінде, Қостанай облысының солтүстігінде, Алматы және Жетісу облыстарының жекелеген аудандарында - $+10+15^{\circ}\text{C}$, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының таулы аудандарында $+3+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күтіледі.


2023 жылдың мамыр айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы




2013 жылға ұқсас

Қазақстанның облыстары бойынша 2023 жылғы
мамырға арналған ауа райы кестесі





Шартты белгілер:



Қазақстан облыстары бойынша 2023 жылғы мамыр айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+17,6+20,4^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+15,6+18,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстік-батысында $+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$, оңтүстік-батыста $+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+4+9^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-батысында *түнде* $+12^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстік-батысында $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+14+19^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстік-шығысында $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстікте $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+9+14^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 18-35 мм).

Жаңбыр, найзағай жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Шаңды дауыл бірінші, екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болады. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,7+21,5^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+17,7+19,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасы түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 18-33 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, екінші және үшінші онкүндіктердің соңында болжанады. Шаңды дауыл айдың басында және ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+20,2+23,2^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+18,2+21,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында түнде $+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында $+14^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+30+35^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы байқалады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде $+21^{\circ}\text{C}$, күндіз $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз болады деп күтіледі (норма: 10-30 мм).

Жаңбыр бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Найзағай айдың ортасында байқалады. Шанды дауыл бірінші және екінші онкүндіктердің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15,3+20,0^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1-2° жоғары* болады деп күтілуде (норма: $+13,7+18,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+9+14^{\circ}\text{C}$, солтүстікте $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Одан кейін ауа температурасы *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+12+17^{\circ}\text{C}$, облыстың орталығында $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтілуде. Кейін ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа, солтүстікте $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтілуде (норма: 18-37 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Найзағай екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында байқалады. Шанды дауыл екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында, тұман айдың басында болжанады. Бұршақ айдың ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы күтіледі.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,8+18,2^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+13,3+17,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3°C үсік, облыстың оңтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$, солтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3°C үсік, облыстың оңтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3°C үсік, облыстың оңтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$, солтүстікте $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік жартысында норма шамасында, оңтүстік жартысында нормадан аз болады деп күтіледі (норма: 16-41 мм).

Жаңбыр жиі бірінші және екінші онкүндіктерде, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында және екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,5+14,2^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+12,9+13,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстік-шығысында $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-батысында үсік 3°C , күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-батысында үсік 3°C -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$, солтүстікте $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+25^{\circ}\text{C}$ -қа ауытқиды.

Үшінші онкүндікте түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$, солтүстікте $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашының айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 25-39 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұршақ екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



Ауаның орташа айлық температурасы $+11,8+15,2^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+12,3+14,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде үсік 2°C -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде үсік 5°C -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде үсік 5°C -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3°C үсік, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде $+2^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 23-39 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің бірінші жартысында және соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Бұршақ бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтілуде.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,9+14,3^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+13,4+14,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстік-батысында $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$, шығыста $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың орталығында үсік 3°C -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың орталығында үсік 3°C -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -а дейін, облыстың шығысында $+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашының айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 20-30 мм).

Жаңбыр жиі бірінші және екінші онкүндіктерде, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында бойқалады. Тұман айдың басында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болады.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15+19,4^{\circ}\text{C}$ бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, оңтүстік-батыста *нормадан 1° жоғары* болады деп күтілуде (норма: $+14,5+18,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+8^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында үсік 3°C -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында $+8^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында үсік 3°C -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+25+30^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде үсік 3°C -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашының айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп болжанады (норма: 9-27 мм).


Жаңбыр, найзағай екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болжанады. Шаңды дауыл үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында үсік 2°C -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, шығыста $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде үсік 3°C , күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде -3°C -тан $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде $+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтілуде.

Жаңбыр бірінші және екінші онкүндіктердің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+11,7+17,4^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+12,2+16,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде үсік 3°C -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды. Содан кейін ауа температурасы түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында үсік 3°C -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$, солтүстікте $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін қысқа мерзімді төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$, солтүстікте $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды. Содан кейін ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 15-36 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Тұман екінші онкүндіктің соңында болады. Бұршақ үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,2+15,6^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+6,7+16,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың таулы аудандарында үсік 5°C -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарда $+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+30^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарда $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде, орталығында және таулы аудандарында үсік $1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста және таулы аудандарында $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында және таулы аудандарында $+7+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+4^{\circ}\text{C}$, күндіз $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда түнде $+2^{\circ}\text{C}$, күндіз $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 21-75 мм).

Жаңбыр, жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы күтіледі. Жауын-шашын (жаңбыр, қар) бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай жиі үшінші онкүндікте болуы мүмкін. Бұршақ бірінші онкүндіктің соңында болжанады.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+20,7+22,6^{\circ}\text{C}$, бұл *нормадан* 1° жоғары (норма: $+19,7+21,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+30^{\circ}\text{C}$ -тан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы байқалады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* (норма: 10-23 мм).

Жаңбыр, найзағай екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында болжануда. Жел $15-20$ м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+11,7+23,2^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+10,7+22,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда түнде $+4^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарда $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда түнде $+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, оңтүстік-шығыста норма шамасында (норма: 13-103 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15,2+20,5^{\circ}\text{C}$, бұл *норма шамасында* (норма: $+14,7+19,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда *түнде* $+4^{\circ}\text{C}$ -тан $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+11+16^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда *түнде* $+6^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы байқалады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда *түнде* $+4^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.


Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда *түнде* $+4^{\circ}\text{C}$ -тан $+9^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы байқалады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарда $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы байқалады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$, *күнде* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда *түнде* $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, оңтүстікте *норма шамасында* (норма: 14-63 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжануда.





Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,5+19,4^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+12+18,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде үсік 3°C -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+1^{\circ}\text{C}$ -тан үсік 3°C -қа дейін, күндіз $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының негізгі фоны түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың таулы аудандарында түнде үсік 2°C , күндіз $+15^{\circ}\text{C}$. Содан кейін ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде үсік 2°C -тан $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, қиыр солтүстік-батыста нормадан аз (норма: 8-95 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында және соңында болжануда. Бұршақ екінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с айдың бірінші жартысында жиі, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz